**Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден жұмыс берушілер жалдайтын шетел азаматтарын тартуға 2000 жылға арналған және кәсіптер (қызметтер) топтары бойынша квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 тамыз N 1219. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.11.14. N 1709 қаулысымен. ~P001709

"Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Z980341_ Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Республика аумағында жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден жұмыс берушілер жалдайтын шетел азаматтарын тартуға 2000 жылға арналған кәсіптер (қызметтер) топтары бойынша 7 мың адам санында квота (бұдан әрі - квота) белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 ж. 8 тамыздағы
N 1219 қаулысына
қосымша

Жұмыс берушілер жалдайтын шетел азаматтарын тартуға 2000 жылға
арналған және кәсіптер (қызметтер) топтары бойынша
квота

(адам)

--------------------------------------------------------------------------

| N | | Мынадай салалардағы кәсіптер (қызметтер) топтары: | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жаратылыс және инженерлік ғылымда | Қаржылық-экономикалық және кәсіпкерлік қызметі | Білім беру | Биологиялық, ауыл шаруашылығы ғылымдары, денсаулық сақтау және т.б. | Жиынтығы |
| | Қазақстан Республикасы | 5025 | 1635 | 185 | 155 | 7000 |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК